

Банктер девальвацияға дейін емес

Осылайша, сарапшылардың сөзіне қарағанда, рубльдің нығаюына байланысты Қазақстан билігі 15 пайыздық девальвация жүргізуі мүмкін. Мұндай жағдайда Қазақстанда 1 рубль 4 теңге, ал бір доллар 210 теңге болып түзіледі. «Биліктің девальвацияны біртіндеп енгізіп, долларсыздандыру жүргізгеніне қарамастан, халық долларды сатып алудан әлі арыла алмай отыр. Мұндай жағдайда айырбас курсы бір долларға шаққанда 250 теңгені құрайды. Алайда, бұл банк жүйесіне үлкен соққы беруі мүмкін. Сондықтан, бұған қарағанда жұмсақтау көрінетін 15 пайыз көлеміндегі девальвация мен теңгені еркін айналымға жіберу ойға қонымды» дейді сарапшылар.

Жалпы, Ресей сарапшылары ғана емес, отандық мамандарымыз да, «біз ұлттық валютаны қолдау үшін үлкен тәуекелдерге барып отырмыз» дейді. Мамандар алға тартып отырғандай бізде ең алдымен дедолларизацияға қатысты дұрыс түсіндірушілік жоқ. Сондықтан доллардан арылу шарасы таяу бес жылдықта нәтиже береді деу қиын. Мәселен, бізде халықтың доллар сатып ала бастауы, теңгедегі депозиттерін долларға ауыстыруға жоғары талпынысы депозит базасындағы тұрақтылықтың берекесін кетіре бастады. Тек қана биылғы жыл басындағы қаңтар айында теңгедегі депозиттерді долларға ауыстыру көрсеткіші 37 пайыздан 46 пайызға өскен. Қарапайым халық «тағы да девальвация болуы мүмкін» деген оймен теңгемен жиып-тергенін бірден алады да долларға айналдырып депозитке салып тастады. Бұқараның ойынша, олар осылай етсе ұтылмайды. Бірақ халық мына бір жайтқа назар аударып отырған жоқ. Қазір елде доллар несиеге деген сұраныс жоқ. Банктердің біразы доллармен ипотека рәсімдеуді доғарды. Жұрт доллармен алған несиеден теңгеге ауыстыратын банктерге құжаттарын алып кетіп жатыр. Бір банктен екінші банкке жинақтарды алмастыру, жалпы Қазақстанның банк секторынан бойын ала қашу сынды жағымсыз іс-қимылдарға жол берілуде. Ал мұның барлығы әрине қаржылық рейтингті төмендетеді. Доллар несиеге сұраныс болмағандан кейін, халықтың доллармен жинаған депозиттері де айналымға шықпай құр бос жатып

Ресейдің «Жоғары экономика мектебі» ұлттық-зерттеу университетінің «Даму орталығының» сарапшылары «Қазақстанда 35 пайыздық девальвация болған жағдайда бұған қазақстандық банктер шыдас бере алмайды» деп мәлім етті. Бұл туралы аталмыш зерттеу университетінің мамандары жүргізген зерттеулерге сүйенсек, қазақстандық банктер қазіргі активтерімен тек 10 пайыздық девальвацияға ғана шыдас бере алады, ал қайсыбір сарапшылар айтып жүргендей 35 пайыздық девальвация Қазақстан банктерін тығырыққа тірейді.



қалады. Сондықтан бұл жерде долларды құр сатып ала берудің аса қажеттілігі жоқ еді. Бірақ нарықты бағдарламастан халықтың басым бөлігі депозиттегі активтерін теңгеден долларға ауыстырып салып жатыр. Бұған қатысты мамандар «доллар депозиттерді қабылдауға банктер дайын болғанымен, оны доллар активінде орналастыруға еш мүмкіндігі жоқ. Өйткені елде долларға бағаланған несиеге сұраныс жоқ болғандан кейін, сәйкесінше, банктер доллар түріндегі депозитті қабылдайды, бірақ оны айналымға салайын десе долларға сұраныс аз. Тұтынушылардың басым бөлігі несиеді доллармен емес, теңгемен алуды қалайды. Осыдан барып долларды депозитпен сақтауда да, несиеден теңге түрінде беруде де банктер жоғары валюталық тәуекелге бой ұрып отыр. Мұның салдары банктерге

жағымсыз тренд тудырады» дейді мамандар.

Тогжан Шаяхметова, банк секторының маманы, қаржыгер:

– Ұлттық банк қанша жерден теңге құнсызданбайды десе де, баяулап долларға бір теңгеден қосылып келеді. Қазір Алматыда бір доллар 186.9 теңге болып тұр. Мұны біз байқап отырмыз. Ал енді бұл арада бізге мынаны ескеру керек, Ресей өз экономикасын әлдендіру үшін енді болашақта импортын бізге тоғытып біздің ішкі нарықты одан әрі жаулай түседі. Бұл біз үшін өте қауіпті түс. Егер Ресейден арзан тауар одан әрі ағыла беретін болса онда отандық өндірістің тауар өтімділігі одан әрі төмендейді. Сондықтан қазір экспорттаушылармызға долларды қымбаттату тиімді болмақ.

Экспорт-импорт қатынасында отандық өндірісшілер доллармен айырбас жасайды. Экспорттаушылардың пайдасын еселеп, бюджетке түсетін түсімді көбейту үшін атқарушы билікке амалсыз теңгені құнсыздандыруға тура келеді. Олай етпесек, экспорт-импорт қатынасында бізге пайда келмейді. Қазір мұнай бағасы бұрынғыдай 100 доллар болып отырған жоқ. Мұнайдан түсетін түсімнің көлемі күрт төмендеді. Біз үшін мұнайдан өзге сыртқа баратын тауарлардан түсім түспесе, яғни экспорттан пайда келмесе бұл үлкен әрі қауіпті тәуекел. Бұдан отандық кәсіпорындардың табысы азайып, өндірістің аяқ алысы кері кете бастайды.

Ресей сарапшыларының «Қазақстан банктері 35 пайыздық девальвацияға шыдамайды» дегенінде жан бар. Қазір көпшілік банктердің несие қоржындарының 80 пайыздан астамын проблемалық несиелер құрап отыр. Елдегі банктердің проблемалық несиелерінің сомасы қазір шамамен 27 миллиард долларға тең. Бұл теңгемен шаққанда 4,3 триллион теңге. Ал енді ойланыз, осынша соманы борышкерлер қайтара алмай отыр. Елдегі несие жүйесіндегі сауатсыздықтың салдарынан банктер осынша түсімді жоғалтып отыр. Бұған банктердің 11,2 млрд доллар сыртқы қарызын қоссаңыз, бұл да банктердің капиталын азайтып, рейтингін төмендететін сома.

Бізде банктердің проблемалық активтерін төмен бағамен сатып жіберу үрдісі әлі нақты жолға қойылған жоқ. Еуропада мұндай проблемалық активтерді тіпті болмағанда 50 пайыздық жеңілдікпен қор нарығына салып сатып жібереді. Біз мұндай қадамға баруды ойлап та отырған жоқпыз. Біз тек капиталы төмен банктерді біріктіруді ойлап отырмыз. Айта кету керек, бізде дедолларизация кемі бес-алты жылсыз нәтиже бере қоймайды. Халық долларды әлі сатып алып жатыр. Сондай-ақ борышкерлерге қарызды қайтартудың тиімді жолдары әлі ұсынылмады. Мұның барлығын есепке алсақ, бізде 35 пайыздық девальвация болатын болса, шынымен де тек депозит базасын ғана толықтырып отырған банктер үшін оңай болмайды.

жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар

Зейнетақы қорындағы қаржы ауылға бөліне ме?

31-телеарна халықтың жылдар бойы жинаған зейнетақы қорындағы қаржысы ауылшаруашылық саласына жұмсалатын болды деген хабар таратты. Әрине, бір қарағанда онда тұрған ештеңе жоқ сияқты. Қордағы ақша еліміздің дамуына жұмыс істеп жатса, несі жаман?

Бірақ бұған күдікпен қарайтындар көп. Неге? Өйткені басқа сала емес, шетелден әкелетін ірі қаралары қырылып, егіні қар астында қалатын салаға Ұлттық банк 80 миллиард теңге берілетінін мәлімдеген. Бұл аз қаржы емес. Содан болар, қаржы саласының мамандары бұл қадамға күдікпен қарайды. Ұлттық банктің бақылауындағы зейнетақы қорынан халық қаржысы аграрлық салаға беріледі дегенде, көпшілік көңілінде үміттен гөрі күдік ұялатады. Себебі зейнеттің бейнетіне деп жиналған қаржы басқа емес, жетістіктерімен аса мақтана алмайтын салаға берілуде. Бірақ Ауыл шаруашылығы министрі Асылжан Мамытбеков мырзаның ойы басқа. Ол:

– Мен бұған сенемін. Өйткені біріншіден, бұл зейнетақы қорының қаржысы ақысыз емес. Нарықтық деңгейдегі үстеме ақымен қарызға алынады. Екіншіден, бұл ақша басқа мемлекетке кетпей, біздің елімізге жұмыс істейді, –

дейді. Демек, зейнетақы қорынан алынған ақшаны үстеме бағамен қайтармақ. Бірақ бәрі министр мырзаның ойындағыдай бола ма? Салынған қаржы өзін ақтамай қалса ше? Зейнеткерлер қайтпек? Мәселенің үлкені – осы. 80 миллиардтың ауылшаруашылық саласына бөлінетініне үлкен күдікпен қарайтындардың бірі – бұрынғы зейнетақы қорлары қауымдастығының президенті Айдар Әлібаев. Ол зейнетақы қорынан ауылшаруашылық саласына бөлінетін қаржының болашағына күмәнмен қарайды. Оның айтуынша, аграрлық салаға бөлінген қаржы қайтпай қалуы да мүмкін. «Біздің шенеуніктер үшін ақшаның қайдан келгені маңызды емес. Тек жұмсауды біледі. Сондықтан мемлекет халықтың зейнетақыға жинаған қаржысын аграрлық салаға берген соң нақты екі нәрсені ескеруі керек. Біріншіден, мықты бақылау орнату қажет, екіншіден, бұл бөлінген қаржы салымшыларға да, зейнетақы қорына да пайда әкелуі керек» деді Қаржылық қызмет

тұтынушылар одағының төрағасы Айдар Әлібаев. Жалпы, сарапшы қордағы қаржы аграрлық салаға емес, инфрақұрылымға жұмсалса, тиімдірек болар еді дейді. Бұған дейін зейнетақы қоры екінші деңгейлі банктерді қаржыландырып жатқанын

естіген халық бір уайымдап еді, енді жинаған ақшасы ауыл шаруашылығын дамытуға жұмсалатынын білген жұрттан тағы маза қашты. Себебі майшелпекке айналған қордан шыққан қаржының есебі бар да, кірген ақшалар жайында ақпар аз.



ТЕҢГЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗДІК КЕШІЛІ



Валюталық саясат өз қолымызда болуы тиіс

– Бізге ортақ валюта енгізудің қажеті жоқ. Әсіресе, бүгінгідей ресейлік валюта құлдырап жатқанда пайдасы емес, зияны көп. Бұл мәселені 2014 жылдың наурыз айында Ресейдің бірінші вице-премьері Игорь Шувалов көтеріп, «2016 жылға дейін ортақ валюта енгіземіз» деп айтқан болатын. Міне, биыл Путин де сол мәселені қайта көтеріп отыр. Путиннің «ортақ валютаны іске қосу үшін іс-шаралар ұйымдастыру керек» деген сөзі орынсыз. Себебі Қазақстанның да, Ресейдің де экономикасы әлем нарығындағы мұнай бағасына тәуелді. Ал мұнай бағасы құлдырап кетті, сондықтан бүгінгідей жағдайда әр ел өзінің болашағын ойлау керек. Рубль төмендеді екен деп, оған қосыла күйініп, Мәскеудің валюталық саясатына қарап отыруға болмайды. Өз теңгемізді сақтап қалу Қазақстан экономикасының тәуелсіздігін білдіреді. Естеріңізде болса, 1993 жылы Ресей қашан рубль жібереді деп Алматыда банктер, кәсіпорындар күнде Мәскеуден келетін ұшақты тосып отыратын. Сондықтан біз валюта саясатын Мәскеудің қолына бермеуіміз керек.

– Рубльдің төмендеуі біздің елге Ресейден келетін импорт үлесін арттырып жібергенін білеміз. Осыған байланысты Елбасы «Қазақстанда жасалған» өнімдер санын арттыруды тапсырды. Қалай ойлайсыз, отандық өнім шетелдің Қазақстанға импортын азайта ала ма?

– Дағдарыс оңайлықпен шешілетін мәселе емес. Бірақ осындай жағдайда біз

Астанада өткен Қазақстан, Ресей және Беларусь президенттерінің ресми басқосуында, Ресей басшысы Владимир Путин ортақ валюта жайын ойластыру ұсынысын білдірді. Оның алдында ғана Мәжіліс депутаты, Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің басшысы Мәулен Әшімбаев: «Ресейде болған девальвацияға, олардың тауарларының біздің нарықтағы арзандығына байланысты біздің тауарлардың бәсекелестігіне әсер ететін факторлар бар. Қазіргі заманда осыны талқылау керек, осыны шешу керек. Сондықтан қазіргі уақытта ортақ бір валютаны талқылау ешқандай перспективасы жоқ деп түсінемін» деген болатын. Осы орайда Қоғамдық саясатты зерттеу орталығының директоры, экономист Меруерт Махмутова өз ойларымен бөлісті.

өз жағдайымызды ойлап, отандық тауарларымызды қолдап, Қазақстанның бизнесіне дем беруіміз керек. Рубль екі есе төмендегендіктен, бүгінгі таңда ресейлік тауарлардың бәсекелестік деңгейі жоғары болып тұр. Себебі олардың тауарлары Қазақстан нарығын басып алды. Сондықтан мен қазан айынан бастап кедендік шекараны қайтадан қалпына келтіру керек деп айтқан болатынмын. Әйтпесе, Қазақстанның бүкіл нарығын ресейлік өндірушілердің қолына беріп қоюымыз мүмкін. Қазақстан экономикасына диверсификация жасалмаса, тек мұнайдың бағасына қарап отыра берсек, өндіріс дамымайды.

Девальвация және амалсыздық

– Ресей рублі құлдырауының басты себебі санкцияда жатыр. Ал санкцияның салмағы біздің елге де батып отыр, солай емес пе?

– Ресей бүкіл дамыған елдердің санкциясының астында қалды. Бұл санкция әлі ұзаққа жалғасады. АҚШ та, Еуропалық Одақ та санкцияларды ұлғайтады. Бір жыл бұрын Ресейге салынған санкциялардың бір ұшы бізге де тиетінін айтып едім. Мұндайда олар өз экономикасын өздері сақтасын, біз өз қамымызды ойлауымыз керек.

– Рас айтасыз, біздің де мәселеміз шаш етекпен. Соның бірі – теңге бағамына қысымның күшеюі. Мұндайда Ұлттық банк бағамды қаншалықты ұзақ ұстап тұра алады?

– Ресей рублі құлдыраған сайын, зардабын біз көріп отырмыз. Маған осы жағдай 1998-99-жылдарды есіме түсіріп отыр. 1998 жылдың тамызында рубль құлдырап, мұнай бағасы

төмендеп, халықаралық деңгейдегі дағдарыс ұлғайып бара жатты. Бірақ билік «мұның бізге ешқандай зияны жоқ» деді. Ақырында не болды? Сайлау, инаугурация өткеннен кейін, 1999 жылдың сәуірінде девальвацияны іске қосты. Сондықтан менің ойымша, биыл да сайлау мен инаугурация өтпейінше девальвация болмайды. Ал теңге бағамын алтын валюталық резервті сату үшін ғана ұстап тұру мүмкін. Бұл дұрыс емес. Өйткені біз алтын валюталық резервті Ресей экономикасын қолдауға жұмсап жатырмыз. Олардың рублі құлдырағанының кесірінен, Қазақстанға Ресейден келетін импорт ұлғайып бара жатыр. Жеке азамат ретінде девальвацияны ұнатып, қолдап отырған жоқпын. Бірақ экономист ретінде айтсам, Қазақстан экономикасын, өзіміздің өндірісті, бизнесті сақтап қалу үшін бұдан басқа амал болмай тұр.

– Мұнай бағасының төмендеуі дағдарыс дауылын алып келді. Қазіргідей жаһандық дағдарыс кезінде Қазақстан үшін қандай қадамдарға барған дұрыс деп ойлайсыз?

– Дағдарысқа негізінен, мұнай өндіруші елдер ұшырап жатыр. Егер мұнайдың бағасы төмендей берсе, біздің экономиканың бюджеттік кірістері де төмендейді. Сондықтан мұндай жағдайда зейнетақы қорларында сақталған ақшаларымызды бекер шашпай, Ұлттық қордың ақшасын ЕХРО-ға жұмсамай, орынсыз шығыстарды азайтуымыз қажет. Ертеңгі күніміз қалай боларына ешкімнің көзі жетіп тұрған жоқ.

Мұнай арзандайды

– Мұнай бағасы әлі де түседі деген болжамдарға сенуге бола ма?

– Иә, мұнай баррелінің бағасы 12 долларға дейін түседі деген болжам бар. Таяуда АҚШ-тың Федералдық қаржы жүйесінің бұрынғы басшысы Алан Гринспен «Financial Times» басылымына мұнай бағасына қатысты өзекті пікір білдірді. Гринспен мақаласында бүгінгі таңда мұнайдың бағасына әсер ету ОПЕК-тің қолынан АҚШ-тың қолына барғанын айтады. АҚШ қатпарлы мұнай өндірудің арқасында соңғы 80 жылдың ішінде ең жоғары деңгейге жетті. Алайда 1975 жылғы қабылданған шешім бойынша АҚШ-тың мұнай өндірушілерінің халықаралық деңгейде экспорт жасауға құқықтары жоқ. Бірақ қазір олар Конгрестің алдында мұнай экспорттауға мүмкіндік тудыруды, бұрынғы шешімді қайта қарауды талап етіп жатыр. Егер америкалықтар ұлғайып бара жатқан мұнайын халықаралық нарыққа шығарса, онда мұнайдың бағасы әрі қарай түсе береді.

– Мұнаймен қатар, еуроның да бағасы түсті. Тіпті алдағы уақытта еуроның бағасы доллардан да арзандауы мүмкін деген болжам бар. Мұның біздің экономикамызға әсері бола ма?

– Еуро бағасы түсіп еді, Еуропаның басқа елдерге шығаратын экспорты ұлғайды. Сондықтан бұл жағдай Еуропаның өзіне де, бізге де пайдалы. Еуроның төмендеуінен қорқатындай дәнне жоқ. Еуропа елдері – Қазақстан үшін маңызды сауда серіктесі. Мұндай жағдайда Қазақстанға әкелінетін Еуропаның тауарлары арзандайды. Бізде депозитті ешкім еуромен салмайды, сондықтан оның халыққа зияны жоқ. Керісінше, Еуропаға саяхат жасау, ол жақтан білім алу бұрынғыға қарағанда арзандайды. Бұл қарапайым халыққа тиімді болатыны сөзсіз.

жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар

Г.Марченко: ЕАЭО елдері ортақ валюта енгізуге дайын емес



Григорий Марченко «Россия-24» телеарнасына берген сұхбатында: «Макроэкономикалық параметрлер келісіліп, орындалғаннан кейін ұлттықтан жоғары орталық банк, ұлттықтан жоғары реттегіш құру қажет, содан соң ақша айналымға шығару керек. Макроэкономикалық параметрлер тұрғысынан да, әрекеттерді үйлестіру жағынан да біз бұған әлі шамалап алғанда да дайын емеспіз», – деді.

Қаржылық реттегіш әрекеттерінің бірыңғай үйлестірілуінің жоқтығына мысал ретінде ол ЕАЭО елдеріндегі валюталардың девальвациясын келтірді. Оның айтуынша, елдердің орталық банктері ұлттық валюталардың девальвациясын өткізу кезінде одақ аясындағы серіктестердің мүдделерін ескермейді. «Себебі желтоқсан айында Ресейде девальвация болды, Белоруссияда 30% салық енгізді, ал Қазақстан бағамды өзгеріссіз қалдырды. Крыловтың «Акку, шортан һәм шаян» әңгімесіне қаржы секторында бұдан артық мысал табу қиынға соғады», – деп мәлімдеді Г.Марченко. Оның сөзіне сүйенсек, ЕАЭО-да ортақ валютаны енгізу үшін алдымен макроэкономикалық параметрлерді, қазыналық саясатқа, еңбек нарығына қатысты параметрлерді келістіріп алу қажет. «Біз тіпті инструменталдық тұрғыда дайын емеспіз. Себебі біздің елдерімізде валюталық режим де әртүрлі. Орталық банктердің ақшанесие, бағам саясатында пайдаланатын құралдары да бір-бірінен өзгеше», – деді Г.Марченко.

Даниал Ахметов жауапсыз мердігерлерге шүйлікті

ШҚО әкімі Даниал Ахметов алып құрылыс нысандарын салуды өз мойнына алып, уақытында тапсыруға келгенде кезегесі кейін тартатын мердігер компанияларды бұдан былай «еркелете бермейтінін» мәлімдеді. «Құрылысты уақытында аяқтамаған жауапты мердігерлер өңір басшысының алдында ай сайын есеп беріп тұруға міндеттелді», – деп хабарлайды ШҚО Ақпараттық орталығы.

Өңірдегі құрылыс нысандарының салыну қарқынына қатысты жиын өткізген Даниал Ахметов облыс бойынша пайдалануға берілуі кешіккен 118 нысанға жауапты мердігерлерге қатаң шүйлікті. Шығыс аймақтағы «сақалды» құрылыстардың «жасы» қазір 11-де екен. Яғни, облыс басшысының өзі айтқандай, аталған нысандардың арасында құрылысы 2004 жылдан бері жүргізіліп келе жатқандары да бар. Өз кезегінде ШҚО әкімі Даниал Ахметов:

– Өткен аптада ғана Өскемен қаласының 19 шағын ауданындағы мектеп пен Глубокое ауданындағы интернат үйінің аяқталмаған құрылыс жұмыстарымен таныстым. Облыс бойынша осындай нысандардың саны – 118. Жауапсыз мердігерлер келесі жолы тендерге қатыстырылмайтын болады. Олардың барлығымен жеке кездесетін боламын. Және бұл кездесу әр мердігер нысанды өткізгенге дейін ай сайын болып тұрады, – деді.

Д.Ахметов сонымен қатар ШҚО сәулет-құрылыс бақылау басқармасы, құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы



мен Әділет департаментіне тендерге қатысатын компанияларды толыққанды тексеріп, «қара тізімге» енген мердігерлердің қатыстырылмауын қадағалауды тапсырды. Кеңес соңында өңір басшысы әр қала немесе ауданға жұмыс сапары барысында ең бірінші құрылысы аяқталмаған нысандарға ат басын тірейтінін шегелеп тапсырды.

Сауда соғысы және бизнесті қолдау

Қазақстан мен Ресей арасында ешқандай «сауда шайқасы» жоқ! Таяуда Қазақстан Үкіметі бірқатар ресейлік ақпарат құралдары таратқан тиісті жорамалды жоққа шығарды. 13 сәуірде ресейлік «Коммерсантъ» басылымы екі ел арасында «жарияланбаған сауда соғысы» жүріп жатқандығы туралы хабарлады. Өткен аптада ресейлік тәттілердің бірқатар түрлері, май мен еті Қазақстандағы сауда орындарынан алынып тасталғаны мәлім. Өйткені олардың санитарлық қауіпсіздік талаптарына жауап бермейтіндігі анықталған. Өз кезегінде «Роспотребнадзор» қазақстандық сүт пен айран өнімдерінен жөнсіздіктер іздеуді жандандырыпты.

Соғыс емес тағам қауіпсіздігі

– Екі ел арасында ешқандай сауда соғысы жоқ! – деп шарт түйді осы сауалға жауап берген Ұлттық экономика вице-министрі Қайырбек Өскенбаев. – Ресей – біздің басты бір сауда әріптесіміз. Еуразиялық одақ аясындағы интеграция қарқын алып келеді. Ал қандай да бір өнімдерді саудадан алып қоюларға келсек, біз өз елдеріміздің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тиіспіз: егер қандай да бір өнімдер талапқа сәйкес келмесе, олардың халық денсаулығы мен өміріне қауіп төндіруіне ешкім бей-жай қарай алмайды.

Вице-министр бұл қимылдар қандай да бір елге қарсы бағытталмағандығын нықтады: «Мәселе Ресейге емес, залалды тауар шығаратын ресейлік нақты кәсіпорындарға ғана қатысты. Оны апарып, екі ел арасындағы қарым-қатынас деңгейіне шығару, мемлекеттік саясатқа телу – сандырақ, абсурд!», – деді.

Ұлттық экономика министрлігінің байламынша, қандай да бір сапасыз өнімдердің сөрелерден сыпырылып алынуы екі ел ынтымақтастығына селкеу түсірмеуге тиіс.

– Кейбір кәсіпорындар біздің сөрелерге сапасыз, зиянды өнімдерімен шыққысы келеді. Олар ресейлік пе, америкалық, не ағылшындық па, бәрібір, ең бастысы, біз ондай ақаулы «азық-түлік» өнімдерінің қазақстандықтардың дастарқанына жол тартуына шыдап, қарап отыра алмаймыз! Сондықтан бұл жерде Ресей тауарлары туралы жалпылай айтқан дұрыс емес, шартты түрде алсақ, «Иванов», не «Мырқымбаев» ЖШС-нің өнімдері саудадан алынуға деп нақты айтылғаны жөн, – деді Қайырбек Өскенбаев.

Өз кезегінде Ауыл шаруашылығы вице-министрі Ермек Көшербаев та тек адал емес бизнесмендердің өнімдері «тәркіленіп» жатқандығын және мұндай шаралар бұрын да жүзеге асырылғандығын ескертті:

– Егер тауар тиісті норма талаптарына жауап бермесе, олардың ары қарай сатыла беруіне неге жол беруіміз керек? Бұл Еуразиялық экономикалық одақтың құжаттарында қарастырылған. Барлығы дұрыс, заң жүзінде жасалуда. Өздеріңіз қараңыздар, өткен жылы «Роспотребнадзор» тиісті ілеспе құжаттары жоқ, таңбалануы дұрыс емес қаншама тауарларды саудадан алып тастады. Соның бәрін «соғысқа» балай беруге болмайды. Ешқандай сауда соғысы жоқ. Біздің ауыл шаруашылығы өнімдерін экспорттаушылар сол бұрынғыдай өз тауарларын Ресейге жеткізуде.

АШМ басшылығының өкілі талаптарға жауап бермейтін, сапасы төмен өнімдер еш жерде еркін сатыла алмайтындығын жеткізді: «Техникалық регламент талаптарына сәйкес келуге, ветеринарлық сертификаттары және басқа құжаттары болуға тиіс. Егер тауарында әлдебір ақау табылса, демек, дереу жөндеуі керек. Бұл бизнес үшін қалыпты іс, одан драма жасаудың қажеті жоқ», – деді Е.Көшербаев.

Айта кеткен жөн, 11 сәуірде Ұлттық экономика министрлігінің Тұтынушылар құқығын қорғау комитеті бірқатар ресейлік кондитерлік және май өнімдерінің техникалық регламенттерге жауап бермейтіндігін мәлімдеді. Олардың арасында мәскеулік «Марс» зауытының танылған шоколадтары, сондай-ақ липецкілік



«Рошен» фабрикасының, кемерлік «Яшкино» кәсіпорнының, вологодтық «Русский бисквит» фабрикасының, белгородтық «Славянка плюстын» кондитерлік өнімдері және «Красный октябрьдың» «Аленка» атты шоколады бар. Бұған қоса, «Оливковый» («ЕЖК») және «Саратовский» майонездерінен, «Крестьянское» майынан және «Золотая семечка» күнбағыс майынан жөнсіздіктер табылды. Бұлардың барлығы еліміздегі саудадан толық алынды.

Өз кезегінде, «Роспотребнадзор» әртүрлі себеп-сылтаумен ресейлік сауда сөрелерінде қазақстандық «Деп» (Деповское), «Тан» өнімдерінің сатылуына тыйым салды.

Апексфонд тәсілі қолға алынады

Мұның барлығы шағын және орта бизнестің дамуына еш кедергі болмаса керек. Оның үстіне мемлекет отандық кәсіпкерлікті қолдауды күшейтуде. «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында берілетін микрокредиттер көлемі қазіргі 3 миллион теңгеден үш еседен астамға арттырылып отыр.

– 2015 жылғы 31 наурызда ел Үкіметі «Бизнестің жол картасы – 2020» кәсіпкерлікті қолдау және дамытудың біртұтас бағдарламасын қабылдады. Ол

бойынша микронесиелендірудің осы құралы жаңа форматта жүзеге асырыла бастайды. Бағдарлама аясында ауылдардағы, шағын қалалардағы және моноқалалардағы шағын бизнес субъектілеріне 10 миллион теңгеге дейінгі ақымда микрокредиттер берілетін болады. Бұрын 3 миллион еді және оның өзі тек моноқалаларда, өзін-өзі жұмыспен қамтушыларға, жұмыссыздарға, аз қамтылған отбасыларға беріліп келді, – деп хабарлады Ұлттық экономика вице-министрі Қ.Өскенбаев.


Министрліктің мәліметінше, 2013 жылдан бері моноқалалар тұрғындары төл бизнестерін ашуға және қолындағы кәсіпорнын кеңейтуге жалпы сомасы 5,3 миллиард теңгені құрайтын 1 мың 225 микронесие алған екен.

Жаңа 10 миллион теңгелік кредит те, Қайырбек Өскенбаевтың түсіндіруінше, «тек төл бизнесін ұйымдастыру және қолданыстағысын кеңейту, немесе айналымдық қаржыны толтыру үшін беріледі». Сондай-ақ Қазақстанда кепілсіз негізде, аз көлемде қарыз беретін микрокредиттік ұйымдарды қаржыландырушы қорды (Апексфонд) құру жоспарланып отырғандығы мәлім болды. Үкімет басшысы министрлікке осы мәселені пысықтауды жүктеген көрінеді.

жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар

Ортақ валютаның ауылы алыс

Егер Еуразиялық экономикалық одаққа ортақ валюта қажет пе, деген сұраққа жауап бере қалсақ, ол қажет дер едік. Бірақ ол қажеттіліктің келетін кезі болады. Айталық, бүгін туған жас нәрестеге 20 жасында киетін киім алып қойсаңыз қалай болар еді? Әрине, ондайды жөн білетіндер «ақымақтық» дер еді. Бұл жерде де жағдайды дәл сондай деп ойласаңыз шындыққа жақындай түссіз.



Одаққа біріккен елдер арасында ортақ валютаның болуы табиғи заңдылық. Бірақ ол үшін ең алдымен екі сұраныс өмірден орын алуы тиіс.

Егер нарықтық экономика ғылымында көрсетілген осынау екі талап дәл қазір Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер тіршілігінде орын алмай тұрса, онда бүгін-ертең «ортақ валюта енгізіледі екен» деп шулаудың қажеті шамалы. Қазіргі таңда Қазақстан, Ресей, Беларусь мемлекеттерінің бір-бірімен тауар алмасуы әрқайсысының барлық экспорт-импортында шамамен, 20 пайыздай ғана үлесті иемденеді. Бұған мүше мемлекеттердің барлығындағы ұлттық валюталар массасы есеп айырысуға жетіп артылады. Екіншіден, мүше мемлекеттердің экономикасы мен олардағы халықтың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы бірдей деңгейде емес. Бұған дейін де солай болған. Ал қазір Ресейге Батыстың санкциялар қоюы бұл айырмашылықты тым алшақтатып жіберді. Сондықтан басты талап –

«бір деңгейлілік» талабы болмыс ақиқатына айналғанынша ортақ валюта қажеттігі туындамайды. Шамамен, енді 10-15 жылдан кейін ортақ валюта қажет болып қалар. Өйткені Қазақстан да, Ресей де өз экономикасын әртараптандырып, шикізат бағасына тәуелділіктен құтылуды мақсат еткен бағдарлама бойынша жұмыс істеуге кірісіп кеткен. Сондай-ақ осы уақыт ішінде Беларусь да мұнайға тәуелділікті азайтады. Бұл ел АЭС қуатын пайдалануды жоспарға енгізген. Демек, екі мемлекет шикізат бағасына тәуелділіктен, ал Беларусь энергияның жалғыз көзіне тәуелділіктен құтылар болса, онда экономикадағы жағдай толығымен теңеседі деуге болады. Сондай-ақ дәл осы 10-15 жылдың ішінде әр елдің экономикасы ең кемі 50-70 пайызға өсіп шығады. Ол кезде үш елдің, нақтырақ айтсақ, бұл одаққа мүше болатын Армения мен Қырғызстанның да бір-бірімен тауар айналымы сонша мөлшерде өсіп шығады. Бәлкім, осы кезде ұлттық валюталардың шама-

мен, қазіргіден екі еседей өскен экспорт-импорт айналымын қамтамасыз етуге шамасы жетпес. Міне, осы шақта ортақ валюта өмірімізге өзінен-өзі енеді.

Ортақ валюта туралы әңгіме болғанда кейбіреулер оны «құбыжық» ретінде көрсеткісі келетіндей. Айталық, «рубль ортақ валюта болады екен» деушілер шығып жүр. Біріншіден, рубль ешқашан да ортақ валюта болмайды. Бұған Ресейдің өзі бармайды. Егер ол жолға түсе қалса, «сорлайтын» басқа емес, Ресейдің өзі болады. Сондықтан жанадан өмірге келетін ортақ валюта еш мемлекеттік билікке бағынбайтын, тек интеграциялық одақтың ортақ мүддесіне қызмет ететін, бағамы консенсустық негізде бірлесіп шешілетін мүлде жаңа айырбас құралы бола-ры сөзсіз. Бәлкім, Еуразиялық экономикалық одақтың авторы Нұрсұлтан Назарбаевтың о баста ұсынғанындай ол валюта «Алтын» деп аталар. Сондықтан бұл мәселе жайында сөз қозғау ерте.

«Айқын» газеті

Автоөндіріс нарығы қолдау

Сондықтан брэнд иелері көптеген шетелдердегі филиалдарын қысқартуға мәжбүр болуда. Бұл жағдай әсіресе, іргелес көршіміз Ресейге ауыр тиетін түрі бар. Ресей бұрыннан автоөнеркәсібі бар мемлекет. Оған қарағанда біздің Қазақстанның бұл саласы жаңада ғана қолға алынған дүние деуге болады. Ресейден рецессияға байланысты, басқаны былай қойғанда, әлемге әйгілі Дж.Моторс компаниясы өндірісін алып кетуге шешім қабылдады. Бұл арада АҚШ пен Ресей арасындағы саяси текетіректің көлеңкесі де көрінбейді. Олай дейтін себебіміз, былтыр осы Ресейде аталған брэндтің сатылымы 30 пайыздан астамға қысқарған екен. Бар себеп осы дейді. Орайы келгенде айта кетейік, біздің Қазақстанда да әлемге танымал брэндтердің біраз өнімдері құрастырылып жатыр. Жоспар жақсы. Дегенмен соңғы мәліметтерге қарасак, банктер отандық автокөлікті сатып алушыларға бар болғаны 4 пайыз үстемемен несие беруге шешім қабылдаған екен. Бұл бір жағынан «дұрыс болды» дегізіп қуантқанымен, екінші жағынан «жел тұрмаса шоптің басы кимылдамайды» дегендей сала бір кедергілерге тап болып тұрғандығын осы «жеңілдік» көрсетіп тұрған жоқ па деп алаңдатады.

Иә, біздің автоөнеркәсіп дәл қазір «жаңа туған жас сәбидей» әлсіз, қорғаныссыз. Ол өздігінен жүріп кете алмайды. Қазіргі таңда одан «бәсекелестікке қабілеттілік» дейтін талапты да күту тым білімсіздік. Сол себептен де салаға ерекше қамқорлық қажет. Ал бұл сала біздің елге, басқасын былай қойғанда, жұмыс орнын берумен де аса қажетті сала.

Өткен жылдың қорытындысы мен жаңа жыл басталғаннан бергі мәліметтерге сүйенсек, онда дүниежүзі бойынша бір шындықтың беті ашық, ол – әлем бойынша ұзақмерзімді пайдалану тауарларының өндірісі қысқарғандығы. Сол тауарлардың ауқымды бір саласы – автоөнеркәсіп. Нақты мәліметтер дүниежүзі бойынша танымал автобрендтердің өздері де рецессияға жол бергенін айтады.



Саланы қалай қолдауға болады? Бұл, әрине, атқарушы биліктің жан-жақты ойласып, нақты жауапты жүзеге асыруы тиіс тұсы. Біздіңше, қолдауды дүниежүзінде осы уақытқа дейін жүзеге асырылған талай қорғаныс шараларын өндіріске енгізу арқылы ақиқатқа айналдырамыз. Айталық, әлем бойынша отандық өндірісті қолдау үшін шетелдік

ескі автокөліктерді сатып алып, «шығыстауға» мол қаражат бөлінеді. Мұндай шара соңғы жылдары Ресейде де өндіріске енгізілген. Бірақ ол елдегі өндіріс мөлшері мол болғандықтан, жалғыз бұл шара барлық қиындықпен күресуге дәрменсіз болды. Ал бізде өндіріс көлемі онша ауқымды емес. Жоспардың өзінде таяу болашақта 200

мындай жеңіл автокөлік өндіру белгіленген екен. Ендеше, қазіргі өндірісіміз бұдан әлдеқайда аз. Олай болса, жоғарыда айтқан шетелдік ескі автокөліктерді «шығыстау» шараларын өндіріске енгізсек, бұл қолдаудың бір түрі болып шығар еді. Сондай-ақ осы уақытқа дейін де біз елге шетелдік ескі автокөліктердің әкелінуіне тыйым салғанбыз.

Отандық өндірісті қолдау үшін сол тыйымды ұзарта түскен дұрыс. Үшіншіден, Елбасымыз бұған дейін де бірнеше мәрте атап көрсеткеніндей отандық шенеуніктердің қызмет бабында пайдаланатын автокөліктерін шетелдерден алдыртуға тыйым салған жөн. Министрлер мен әкімдер «Қазақстанда жасалған» деген таңбасы бар тауарды пайдалануды өздері бастап дәл осы саладан қолға алғаны жөн. Елімізде мемлекеттік қызметкерлер тек қана Қазақстанда құрастырылған автокөліктерді мінсін деген бұйрық райлы ұстаным қажет болған жағдайда Үкіметтің арнайы қаулысымен заңдастырылса артық болмайды. Бірақ бұл мәселені іске асыру өте қиын болып тұрғаны жасырын емес. Қазіргі таңда Астанадағы министрліктердің гаражына бас сүксаныз сүліктей қара шетелдің айғырдай джиптері алдыңыздан шығады. Есік пен төрдей мұндай көліктер бір күнде 10 мың теңгенің жанар-жағармайын тұтынатыны жасырын емес. Алып көлік мінген шенеуніктер бензинді өз қалтасынан төлемейтіні белгілі. Мұның бәріне мемлекеттің қаржысы жұмсалады.

Жалпы алғанда Қазақстанға, қазақстандықтарға «отаншыл» қасиет жетіспей тұрғандай. Әншейінде «халық үшін, отан үшін, Қазақстан үшін» дегенде бір-бірімізбен бәсекеге түскендей сайрай жөнелеміз. Ал енді отандық өндірісшінің өнімін сатып алуға келгенде керісінше, шегіншектей бастаймыз. «Импорт құмар» ел, «импорт құмар» ұлт болып алдық. Ең осал тұсымыз да осы. Сондықтан бәлкім, қалың бұқараға отаншыл болуды «түсіндіру» үшін шетелдік ескі автокөліктерге баж салығын ұлғайта түскен дұрыс шығар...

жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар

Көлік саудасы қызады

Соңғы уақыттары жеңілдетілген несиенен 6 мың отандық көлік сатылған. Сәуір айының орта шенінен елімізде 4 пайызбен автонесие беріле бастайды. Мұндай игілік «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында жасалмақ.

Бұл үшін мемлекеттік қазынадан 15 млрд теңге қарастырылған. Бұл бастама отандық көлік өндірісінің өрісін кеңейтуге серпін бермек. Қостанайда 2011 жылы 900 көлік шығарылса, былтыр 8 мың 500 автокөлік құрастырылған.

Кәсіпорын басшыларының айтуынша, биыл мемлекет қолдауының арқасында отандық автоөндірістің тынысы ашыла түспек. «Сарыарқа автопром» серіктестігі тек жеңілдетілген несие есебінен 4,5 мың темір тұлпарды сатуды жоспарлап

отыр. «AllurGroup» компаниялар тобының президенті Андрей Лаврентьев:

– Бұл – Қазақстан үшін өте тиімді бағдарлама. Жаңа бастама бөлшек сауданы дамытуға серпін береді. Сақтандыру мен қосымша төлемдерді қосқанның өзінде тұтынушы көлікті 7,5 пайызбен алады. Бұл – нарықтағы ең төменгі баға, – дейді. ҚР Қаржы вице-министрі Руслан Даленов азаматтар көлікті жеңілдетілген 4 пайыздық үстемемен 3-5 жылға сатып ала алтынын алға тартты.

Қаңтар айында жаңа көліктердің бағасы түскен. Бірақ банктер темір тұлпарды несиелендіру ставкасын 12-ден 16-17, тіпті кейбір қаржы құрылымдары 22 пайызға көтерді. Ал бұл автосалондар жұмысының тұралауына және несиеге көлік алушылар санының азаюына сеп болды. Ал жаңа несие желісі көлі саудасын жандандыру тиіс.

Ет экспортында құлшымызды жазамыз

Қазақстан мамыр айында аусыл ауруынан еркін аймақ мәртебесін иеленеді. Бұл туралы Астанада осы мәселеге арналған аймақтық семинар барысында журналистерге берген сұхбатында халықаралық эпизоотикалық бюронның өкілі Казимирас Лукаускас мәлім етті.

Парижде жуық арада Қазақстанның 9 өңіріне осы дәрежені растайтын арнайы сертификаттар табысталады. Сарапшының айтуынша, бұл мәртебе қазақстандық тауарөндірушілер үшін ірі қара малдың етін бүкіл дүниежүзі бойынша экспорттауға үлкен мүмкіндік ашарды. Казимирас Лукаускас, халықаралық эпизоотикалық бюронның Шығыс Еуропадағы өкілдігінің басшысы:

– Қазақстан – Орталық Азияда мұндай сертификаттарға

ие болатын бірінші ел. Тіпті көршілес Ресей бұл деңгейге әлі жетпей отыр. Біздің сертификат еттің адам денсаулығы үшін қауіпсіз екенін және оның жоғары сапалы екенін дәлелдейді. Біз өзіміздің анықтамаларымызды дүниежүзілік сауда ұйымына да береміз, – дейді.



Отандық өнімді өткізудің әуіресі көп



– Киер киім, ішер ас-суымыз, күнделікті тұрмыста қолданылатын заттардың басым көпшілігі шетелден әкелінетінін жасырып қайтөміз. Қазақстандық өнімге деген сұраныс жоқ деуге ауыз бармайды, десек те, олардың дүкен сөрелерінен самсап тұрғанын да көрмейміз. Неге?

– Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Сауда комитеті хатшылығы осы мәселені жан-жақты зерттеу мақсатында бірнеше ірі сауда желісінің иелерімен кездесу өткізген болатын. Олардың айтуынша, дүкен сөрелеріне отандық тауарлардың аз шығуына бірнеше себеп бар. Біріншіден, жергілікті тауар өндірушілер нарықты тиісті көлемде қамти алмай отыр. Яғни отандық өнімге деген сұраныстың аз болуы тауардың дүкен сөрелеріне жүйелі түрде жеткізілінуі мен логистика мәселесіне тікелей қатысты. Ал ресми статистикаға сүйенсек, былтырғы жылдың қаңтар-желтоқсан айлары аралығында отандық нарықтағы қазақстандық өнімнің үлесі – ет, сүт, ұнды және кондитерлі өнімдер 80 пайыздан астам, оның ішінде құс еті 45,7 пайыз, шұжық және етті өнімдер 55,9 пайыз, сары май 60,3 пайыз, сыр мен ірімшік 49,6 пайыз, қант 70 пайыз, шай мен кофе

Бүгінде отандық кәсіпкерлер мемлекеттік қамқорлықтан кенде болып отырған жоқ. Алайда басқасын айтпағанда, азық-түлік пен күнделікті қолданыстағы қарапайым тұрмыстық заттардың басым көпшілігі күні бүгінге дейін шетелден тасымалданып әкелінетіні жасырын емес. Сонда қазақстандық өнімге сұраныс жоқ па, әлде өндірушілеріміз ішкі нарықты қамтамасыз етуге қауқарсыз ба? Осы мәселелерге Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Сауда комитеті хатшылығының хатшысы Жібек Әжібаева жауап берді.

34,8 пайыз, көкөніс, жеміс-жидек 18 пайыз, күнделікті тұтыну тауарлары: жуып-тазалаушы заттар 6 пайыз, жеке тазалық заттары 0,7, тұрмыстық үй керек-жарақтары 33,9 пайызды құрап отыр. Тағы бір өзекті мәселе – тауардың сыртқы қаптамасы. Тұтынушылардың назарын аудару, жалпы тауардың өтімділігі сыртқы қаптамаға көп байланысты екені айтпаса да түсінікті. Сауда орындары отандық тауардың сапасы жағынан ғана емес, сыртқы безендірілуі жағынан да шетелдік өнімдерден кем болмағанын, яғни бәсекеге қабілетті болғанын қалайды. Тауар қаптамасына мәселен, Ресейде 200 миллиард теңге жұмсалса, Қазақстанда бұл сома небары – 300 миллион теңге шамасында, яғни 86 есе төмен. Ендігі бір мәселе – жарнаманың жоқтығы немесе әлсіздігі. Отандық телеарналардан көбіне шетелдік өнімдердің жарнамасын көреміз. Ал тұтынушы үшін жарнаманың әсері зор екені белгілі. Төртіншіден, арнайы штрих-кодтардың жоқтығы және тауарды сертификаттау проблемасы да ішкі нарықты өз өнімімізбен толыққанды қамтамасыз етуге елеулі кедергі болып отыр. Сонымен қатар, тауар өндірушілер ірі сауда желілеріне тікелей тәуелді екенін де ескерген жөн. Ал олардың келісім-шарттары көбіне екіжақты тиімді бола бермейді. Тауар өндірушілердің айтуынша, сауда желілері отандық өнімнің бағасын өз қалауынша қымбаттатып сататын көрінеді. Бұдан басқа да күрмеуі қиын күрделі мәселелер баршылық. Оларды заңдық негізде реттеу қажет.

– Ауыл шаруашылығы министрлігінің қазақстандық кәсіпкерлерді қолдауға арналған бірнеше бағдарламасы бар. Бірақ, әлі күнге дейін біз бақша

өнімдерінің өзін шетелден тасимыз. Өзіміздікі бар-жоғы 18 пайызды құрайды екен. Бұл қалай сонда?

– Дұрыс айтасыз, кез келген қарапайым тұтынушыда осындай сұрақтың туындауы заңды. Расында, бүгінде мемлекет тарапынан отандық тауар өндірушілерді қолдауға айрықша көңіл бөлінуде.

Қазақстандық бизнеске қолайлы жағдай туғызу бағытында көптеген мемлекеттік бағдарламалар жүзеге асып отыр. Әйткенмен, өнімді өндіруден бөлек, оны нарыққа енгізу, саудалауға қатысты түйінді мәселелер жетерлік. Олардың бірнешеуін жоғарыда атап өткен болатынмын. Өкінішке қарай, осы мәселе әлі жолға қойылмай келеді. Мысалы, өзіңіз айтып өткен еліміздің Ауыл шаруашылығы министрлігінің қазақстандық тауар өндірушілерді қолдауға арналған бірнеше мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асып отыр, сол сияқты Инвестиция және даму министрлігі өндірістік тауар өндірісін қолдау мәселелерімен айналысуда. Бірақ, сауда саласына қатысты бірде-бір бағдарлама қарастырылмаған. Бір қызығы, қазақстандық өнімге өзімізден гөрі, шетелдерде сұраныс жоғары. Мәселен, отандық нарықта импорт көлемінің 75 пайызы қытайлық тауарларға тиесілі. Біз олардың сапасы мен денсаулыққа әсері жөнінде жақсы білеміз, бірақ сонда да сатып аламыз. Ал қытайлықтардың өздері ауыл шаруашылық өнімдерін Қазақстаннан алғанды құп көреді. Біздің тауарлар тек оңтүстік-шығыс Азияда ғана емес, Еуропада да бәсекеге қабілетті әрі үлкен сұранысқа ие. Бұл тұрғыда бізбен әріптестік қарым-қатынас орнатуға мүдделі болып отырған елдер жетерлік. Сондықтан ең әуелі отан-

дастарымызды қазақстандық өнімді алуға үгіт-насихат жұмыстарын жолға қою керек деп ойлаймын.

– Насихат кемшіндеу, дұрыс айтасыз. Әйтпесе, халқымыз «арзанның сорпасы татымайтынын» жақсы білсе керек еді. Рубль құнсызданғалы арзан, арзан да болса, сапасы күмәнді ресейлік тауар отандық нарықты жаулап алды. Төл өнімді төрге оздырамыз деп жүргенде бұл жағдай кәсіпкерлерімізге соққы болып тигені сөзсіз. Мәселе қалай реттелмек?

– Иә, Ресей рублінің арзандауы біздің нарыққа да өз әсерін тигізіп жатқаны рас. Яғни көрші ел бізді отандық өнімнен әлдеқайда арзан тауармен қамтамасыз етіп отыр. Соның салдарынан жергілікті кәсіпкерлер шығынға батып жатқаны да шындық. Бірақ арзанның сапасы бола бермейтінін дұрыс айтып өттіңіз. Мәселен, Ресейден әкелінетін құс етіне салмағын ауырлату үшін су немесе басқа қоспалар егу арқылы қолдан ісіндірілетіні анықталып отыр. Соның есебінен тауық етінің салмағы бірнеше есе артады. Сәйкесінше өзіндік құны екі есе арзан болады. Мұны ораманың ішінде қатырылған өнімнен байқау мүмкін емес. Ал отандық кәсіпкерлер әлгіндей қитұрқылыққа бармайды. Сол себепті құс өсірушілер өз өнімін қайда өткізерін білмей қиналуда. Құс өсірушілер одағының мәліметінше, қазір құс фабрикаларының қоймаларында 12 мың тонна құс еті жиналып қалған. Сол сияқты сүт өнімдерін өндірушілер де осындай проблемамен бетпе-бет келіп отыр. Қазір дүкендерден табиғи сүтті табу қиын, есесіне ресейлік ұнтақ сүт «табиғи сүт» ретінде сатылуда. Бұрын отандық кәсіпкерлер сүтті литрін 100-120 теңгеден саудаласа, қазір соның жартысына да өткізе алмайды. Сондықтан кәсіпкерлерімізді мұндай қиын-қыстау тұста қолдағанымыз жөн деп ойлаймын. Осы орайда Ұлттық кәсіпкерлер палатасы кәсіпкерлікті инвестициялық субсидиялау мәселесін ұсынып отыр. Қалыптасқан жағдайды заңдық тұрғыда реттеуіміз қажет.

– Әңгімеңізге рахмет!

«Экономика» газеті

жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар

Қаржылық қолдау артады

Орталық коммуникациялар қызметінің алаңында баспасөз мәслихатын өткізген Ұлттық экономика вице-министрі Марат Құсайынов ағымдағы жылда дағдарысқа қарсы арналған жеті бірдей шара аясында – ел экспортын қолдауға 50 млрд теңге мөлшерінде қаражат бөлінетіндігін мәлімдеді.



Отандық экономиканың еңсесін тіктеуге қатысты қолға алынған шаралардың ең алғашқысы отандық машина жасау ісін ілгерілету болса, бұл бағытқа Ұлттық қордан кезең-кезеңмен миллиардтаған қаржы бөлінетіндігі белгілі.

– Осы санаттың екіншісі болып көрсетілген қолдаудың бірі – ел экспортшыларына бөлінетін 50 млрд теңге жайын ерекше атап өткім келеді. 2015-16 жылдары еліміздегі даму институттары арқылы экспорттарды және экспорттық кредиттеу жолымен Ұлттық қордан 50 млрд теңге мөлшерінде қаражат бөлу көзделген, – деді вице-министр.

Марат Әбсәметұлының айтуынша, ұзақмерзімді жеңілдетілген қаржыландыруды ұсыну экспорттерлерге әлеуетті сатып алушыларды ынталандыру жолымен өнімді өткізуді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін көрінеді. Осылайша, Қазақстанда жасалған өнімдерді экспорттауда біздің өнімдерге жаңа перспективті тауарлар нарығына шығу мүмкіндіктері туындамақ екен.

Ресейге есік-терезе экспорттайтын кәсіпорын

Петропавл әйнектері Ресей нарығына шыға бастады. Мұндағы пластикалық есік-терезе шығаратын кәсіпорын өз өнімдерін Омбы қаласына жеткізіп, тапсырыс бойынша орнату жұмыстарын да жүргізген. Өндіріс ошағы өткен жылы 70 мың шаршы метрдің бұйымын құрастырыпты.



Кәсіпорын күніне 750 есік-терезе тағы басқа әйнек бұйымдарын құрастырып шығарады. Бұл – Қазақстандағы осындай көлемде тапсырыс орындайтын жалғыз өндіріс ошағы. Зауыт соңғы 7 жылда жанарып, жетілуіне «Самұрақ – Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры

арқылы 500 млн. теңге алғна. Зауыттағы жұмыс толықтай автоматтандырылған. Кәсіпорын Еуразиялық экономикалық одақтың тиімділігін көріп отыр. Зауыт өндіріске қажет шикізатты Беларусь, Ресей елдерінен сатып алады. Сатып алып қана қоймай, оларды есік-терезелермен қамтамасыз ете бастады.

– Біз шикізатты Ресейден сатып алып қана қоймай, дайын өнімді сол елге экспортқа шығарамыз. Омбы қаласында бөліміміз бар. Әрине, бәсеке жоғары. Бірақ тұтынушы қашан да сапалысын таңдайды. Зауыт Германияның соңғы үлгідегі озық қондырғыларымен жабдықталған. Бұл есік-терезелердің сапасын арттырды. Сонымен қатар мұнда энергоүнемдегіш әйнектер қойылады, – дейді кәсіпорынның сауда-саттық жөніндегі департамент жетекшісі Иван Орлов.

КОРРУПЦИЯҒА БЕЙІМДЕР КАТЕГОРИЯСЫ

Коррупция проблемаларын зерттеумен айналысатын «Сандж» зерттеу орталығы директоры Жанар Жандосова топ-шенеуніктердің жария еткен табысына қатысты Азаттық тілшісіне түсіндірме берді. Сарапшының айтуынша, Қазақстанда басшы адам мен қатардағы қызметкер алатын жалақы арасындағы айырма 20 есеге дейін жетеді. Ал Скандинавия елдері сияқты дамыған мемлекеттерде бұл айырма 2,5-3,5 еседен аспайды.

«Коррупцияға бейім» категориясына жататын шенеуніктердің бірі қалмай табысы мен мүлкі туралы деректерді міндетті түрде жариялауы тиіс. Ондай адамдарға, мысалы, ведомство басшылары, қадағалаушы орган қызметкерлері және мемлекеттік сатып алу бойынша шешім қабылдайтындар жатады. Біздің есебіміз бойынша, мұндай категорияға жататын 300 мыңдай мемлекеттік

қызметші бар, – дейді Жанар Жандосова Азаттық тілшісіне.

Ол Эстония, Литва сияқты Балтық елдерін мысалға келтіреді. Жандосованың айтуынша, бұл елдерде егер шенеунік иелігіндегі мүлктің қайдан шыққанын түсіндіре алмаса, мемлекет ол мүлкті тәркілейді.

– Мысалы, мініп жүрген қымбат көлігің ауылда тұратын туысыңның атына жазылса да, ол көліктің қайдан келгенін

бәрібір түсіндіруге тиіссіз. Яғни мемлекет пен қоғам сенің атыңа ресми тіркелген дүние-мүлкіті ғана емес, пайдаланып жүрген мүлкіңді де бақылайды, – дейді орталық директоры.

Статистика агенттігі дерегінше, 2014 жылы Қазақстанда орташа жалақы мөлшері 154 мың 577 теңге немесе 835 АҚШ доллары болған. Елдегі ең аз жалақы мөлшері – 21 мың 364 теңге (115 доллар). Ал ең төменгі күнкөріс деңгейі,



былтырғы жылдың аяғындағы (шамамен 100 доллар) деп ресми есеп бойынша 18 мың 774 теңге бекітілген.

Шенеунік табысы ортаймайды

«Нұр Отан» билік партиясының біраз жыл бұрын бастаған «Өзіңнен баста!» акциясы аясында шенеуніктер баспасөзде ара-тұра жылдық табысын жариялап тұрады. Мемлекеттік қызметкерлерді табысын ашық жариялауға шақырғанымен, бұл – шенеунікті міндеттемейтін ерікті акция. Сондықтан шенеуніктердің кейбірі табысын жұртқа жариялауға асықпайды.

Жамбыл облысындағы антикоррупциялық ведомство басшылығы табысын жария етті. Сәуірдің 7-сінде мемлекеттік қызмет істері және коррупцияға қарсы іс-қимыл агенттігінің баспасөз қызметі «облыстық департамент басшысы Мақсат Қожабаевтың былтырғы табысы алты миллионға жуық теңге (32 мың доллардан сәл асады), яғни айына шамамен 500 мың теңге (шамамен екі мың 700 доллар) болған» деп хабарлады. Өлгі ақпаратқа сәйкес, Қожабаев ауылда жеке меншік үйі барын көрсеткен.

Облыстың мемлекеттік қызмет істері және коррупцияға қарсы іс-қимыл департаменті басшысының орынбасары Камал Қабылбековтың



былтырғы табысы – үш миллион 857 мың 907 теңге. Ресми дерекке сәйкес, оның Талас ауданында жер телімі, екі тіркемелі цистернасы және 1992 жылы шыққан Mitsubishi Pajero көлігі бар.

Сыбайлас жемқорлықпен күресетін ведомстводағы табысы ең көп шенеунік Ғалым Тұрсынбаев болып шықты. Департамент басшысының екінші орынбасары әрі тәртіптік кеңес төрағасы қызметін қоса атқаратын ол 2014 жылғы ресми табысын 12 миллион 361 мың 202 теңге деп көрсеткен. Демек, оның айлық жалақысы бір миллион теңгеден сәл асқан. Тәртіптік кеңес басшысының Қызылордада төрт бөлмелі пәтері және 2013 жылы шыққан Skoda Yeti автомобилі бар.

орынбасары әрі тәртіптік кеңес төрағасы қызметін қоса атқаратын ол 2014 жылғы ресми табысын 12 миллион 361 мың 202 теңге деп көрсеткен. Демек, оның айлық жалақысы бір миллион теңгеден сәл асқан. Тәртіптік кеңес басшысының Қызылордада төрт бөлмелі пәтері және 2013 жылы шыққан Skoda Yeti автомобилі бар.

Басшы мен қосшының алатын айлығы

Мемлекеттік «Қазпочта» компаниясы басқарма төрағасы Бағдат Мусиннің қызметтік жалақысы – бір жарым миллион теңге (шамамен алты жарым мың АҚШ доллары). Ол мұны сәуірдің 7-сі күні баспасөз өкілдеріне растады.

Құрылтайшысы Қазақстан үкіметі саналатын компанияның 32 жастағы басшысы өткен аптада Nur.kz сайтына «Салықтарды ұстағаннан кейін қолыма бір миллион 200 мың теңге тиеді» деп мәлімдеген. Әлеумет «Қазпочта» топ-шенеунігінің жалақысын қарапайым почта қызметкерінің жалақысымен салыстыра бастады. Былтыр сенат отырыстарының бірінде Ақмола облысындағы ауылдық почта қызметкерлерінің жалақысына қатысты мәселе қозғаған қазіргі экс-депутат Светлана Жалмағамбетова «758 адам тұратын Гастелло ауылында 0,3 жүктемемен жұмыс істейтін почта операторы 12 мың 300 теңге жалақы алады. Тасуат ауылында 0,2 жүктемемен істейтін почта қызметкерінің жалақысы – сегіз мың 900 теңге. Ауылдардың бәрінде осылай...» деген деректер келтірген.

Мұны «Қазпочта» басқармасы төрағасы Бағдат Мусин де мойндайды. Ол Астанада өткен брифингте: «...Жұрттың зейнетақысын тарататын немесе почта жөнелтетін кезде, аптасына бір-екі күн ғана жұмыс істегені болмаса, олар онша жұмысбастаны емес. Олардың жалақысын көбейтіп, ауылдағы почта бөлімшелерінің тиімділігін арттыру үшін жаңа қызмет түрлерін енгізуді қарастырып жатырмыз», – деп мәлімдеді.

жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар

Депозиттер жарысы

Жақында ranking.kz қызметі Қазақстандағы депозит нарығына талдау жасады. Сөйтіп, 2015 жылдың ақпанындағы қорытынды бойынша еліміздің банктеріндегі жалпы салым көлемі 10,9 триллионға жеткенін мәлімдеді. Салыстырмалы түрде қарасақ, былтырғы жылдың осы айындағы салымшылардың депозитке салған ақшасы 10,7 триллионды құраған болатын. Осылайша, жиынтық портфель депозиті 115 миллиард теңгеге өсіп отыр.

Еліміздегі екінші деңгейлі 35 банктің тек 18-інде ғана салымшылардың саны артқан. Депозит көлемі бойынша, қазір Цеснабанктің салымшылары көш бастап тұр. Банктің портфелі 198 миллиардтан бірден 967 миллиардқа өсіпті. Рас, Цеснабанкте жеке тұлғалардың депозиттік базасының тұрақты өсімі байқалады. Өйткені депозиттерді толықтырушы салымшылар тарапынан банкке деген сенім жоғары. Соның арқасында, жаңа клиенттер де көбеюде. Былтыр да Цеснабанктің жеке тұлғалар депозиттік базасы 5 млрд теңгеге өскен болатын. Сөйтіп, депозиттік база көлемі бойынша 8-орынға тұрақтаған. Ал биыл айды аспаннан шығарып, алғашқы орынға бір-ақ көтерілді.

Kaspi bank-тің еншісінде – екінші орын. Бұл банктің салымы бір жылда 187 миллиардтан 700 миллиардқа дейін көбейді. Kaspi bank-те де жеке тұлғаларға бар мүмкіндік қарастырылған. Қаржы кеңесшілері салым-

шылармен жекедара жұмыс істейді. Депозит жайлы толық мәлімет беріп, аз уақытта депозит ресімдеу уақытын белгілейді.

Үшінші орынға жайғасқан RBK банкінің де салымшылары депозит деңгейін көтеріп тұр. Бұл банкте 185 миллиардтан 374 миллиардқа дейінгі өсу байқалады. Сол сияқты Fortebank (+111 млрд теңге) пен ЦентрКредитБанкі (+84 млрд теңге) де алдыңғы ондыққа кірді.

RBK банкінің салымшыларға арналған түрлі тиімді депозиттері бар. Жылдық сыйақы төлемі салған соманың 10 пайызына тең. Ал шетелдік валюта түріндегі салымдарға биылдан бастап 3 пайыздық ставка қойған. Бұл не деген сөз? Теңге мен өзге валюта арасында үш еселік айырмашылық бар. Осылайша, салымшыларды доллардан гөрі теңгеге мән бергізіп отыр. Бәлкім, басқа банктерден артықшылығы да осында шығар.



Қазір қарап отырсақ, әр банк бір-бірімен жарысып, өзіндік артықшылығын, ерекшелігін ұсынатын болып жүр. Әр банк депозиттер жүргізудің өзіндік саясатын ұстанады. Бұл нені көрсетеді? Біздің елде депозит нарығындағы бәсекелестік қыза түсті деген сөз. Бәсекелестік болып еді, банктердің беделі де байқала бастады.

Банктер ішкі нарыққа ақша тарту үшін, әртүрлі амалдарға барып жатыр. Әрине, олардың бәрі де Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры орнатқан бірдей сыйақы ставкасын ұстанады. Бірақ клиенттерді өздеріне тартудың тәсілдері әртүрлі. Депозиттен пайдаға батып жатқан халықты көрмедік. Қомақты ақша болса депозиттің қызығын көруге болады